ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚР БҰҰ АҚПАРАТТЫҚ БЮРОСЫ,
АЛМАТЫДАҒЫ ЮНЕСКО КЛАСТЕРЛІК БЮРОСЫ,
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТҰРАҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ
БҰҰ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЫҚПАЛ ЖАҺАНДЫҚ ХАБЫ

---

«Елдің интеллектуалды әлеуеті»
Мемлекеттік бағдарламасы аясында

# «МӘҢГІЛІК ЕЛ – ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ: МӘДЕНИ КАПИТАЛДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты

I Халықаралық Гуманитарлық форум

МАТЕРИАЛДАРЫ

4 желтоқсан 2014 жыл

МАТЕРИАЛЫ

I Международного Гуманитарного форума

# «НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ – «МӘҢГІЛІК ЕЛ»: ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРНОГО КАПИТАЛА»,

проведенного в рамках Государственной программы
«Интеллектуальный потенциал страны»

4 декабря 2014 года

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

CNT1864189Y_L2898-00001

## МАЗМҰНЫ

**Янчук В.А**. Межкультурный диалог как механизм развития национального самосознания: социокультурно-интердетерминисткая диалогическая перспектива ...................................3
**Massaka I.A**. Факторы политической эффективности государственных и супрагосударственных гимнов (на примере гимна Республики Казахстан и Гимна Евросоюза) ............ 9
**Gogolek Wl**. The dominance of the net refining informayion from the Internet ........................15
**Ахметова Л.С**. Работа с архивными и музейными документами во второй половине XX и начале XXI веков.............................................................................................................. 22
**Барлыбаева С.Х**. Медиа система Казахстана в цифровую эпоху........................................ 25
**Сұлтанбаева Г.С**. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы: гуманитарлық міндеттер....................... 29
**Шыңғысова Н.Т**. Бәсекеге қабілетті PR мамандарын дайындаудағы инновациялық білім берудің қажеттілігі..................................................................................................................... 33
**Телебаев Г.Т**. Языковые компетенции и языковая политика в Казахстане......................... 35
**Муминов Ф.А**. Товарная журналистика как форма информационного превосходства ..... 39
**Муминова Ф**. Научные концепции журналистики в контексте гуманизации международных взаимоотношений.............................................................................................. 43
**Мосунова Л.А**. К проблеме сохранения ценности художественной литературы............... 46
**Мен Д.В**. Ценностные аспекты развития культуры межэтического обшения в Казахстана............................................................................................................................... 49
**Ржанова С.А**. Этноинтегрирующие функции масс медиа (на примере финно-угорских медиа)........................................................................................................................................ 53
**Мухамбедьярова А.Т**. Парламентаризм как форма реализации идей демократии................................................................................................................................. 55
**Ромащенко Л**. Гуманизация культурного пространство как необходимое условие гармоничного развития современного общества................................................................... 61
**Велитченко С.Н**. Проблемы медиаобразования в эпоху информационного общества...... 65
**Мысаева Қ.Н**. Сапалы журналистиканың құны немесе журналистикада ақша табудың шетелдік тәжірибелері............................................................................................................... 68
**Қабылғазина К.К., Байғожина Д.Ө**. Ұлттық идея ұстанымдарын бекемдеу қажет......... 72
**Құрманбаева А.Ә., Қосанбаев У**. Спорттағы имидж теориясы......................................... 74
**Ошанова О.Ж.** Қытай орталық телевизиясының бүгінгі келбеті мен даму бағыттары .... 77
**Өзбекова Г**. Мұқағали Мақатаев және қазақ әдебиеті.......................................................... 79
**Қадырниязов Н.С**. Журналистика тарихын зерттеудің өзекті мәселелері мен оқу үдерісіне енгізу ........................................................................................................................... 82
**Муканова Г.К., Муканов О.Н**. «Мәңгілік ел» и интеллектуально-инновационный капитал в парадигме устойчивого развития.............................................................................. 85
**Негизбаева М.О**. PR-коммуникации в медиаменеджменте................................................. 88
**Джолдыбаева Ұ.М**. Қазақстан Республикасының қауіпсіздік саласындағы саяси коммуникацияны жүзеге асыру тәжірибесінен....................................................................... 92
**Осколков В.С**. Интеллектуальный капитал и человеческий капитал – механизмы взаимодействия (здоровье).......................................................................................................... 96
**Ноғайбаева Ж.Ә., Майкотова Ғ.** Инновациялық технологияны қолданудың тиімділігі.................................................................................................................................... 99
**Оспанова Р.Р**. «Интеллектуалды ұлтты қалыптастыру» – Қазақстандағы ұлттық дамудың келешектегі басты кепілі.......................................................................................................... 102
**Чекетаева Р.С., Талғатбек М.О**. Әл-Фарабиді таныткан ғалым....................................... . 104
**Ложникова О.П**. Интеллектуальная нация в медиаконтексте Казахстанских СМИ: вопросы информационно-коммуникативных процессов......................................................... 107
**Машарипова Т.Ж**. Человеческое измерение публицистики ............................................... 110

14. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар* http://www.akorda.kz/kz/page/page_215751_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2014-zhylhy-17-kantar

***Шыңғысова Н.Т.***
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
журналистика факультеті
ф.ғ.д., профессор

# БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ PR МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ИНИОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Елбасы Жолдауларынан бастау алып жатқан жаңашыл жобаларды жүзеге асыруда. Соның бірі – «Al-Farabi university – smart city» ғылыми-инновациялық жобасы инновациялық және инфрақұрылымдық базаға негізделген білім берудің қажеттілігін айқындайды. Рухани-адамгершілік және зияткерлік тұрғыдан дамуды көздейтін нормалар мен тәртіптер университеттің миссиясымен біте қайнасып жатыр. Университеттегі қалыптасқан педагогикалық дәстүр сабақтастығы, үздіксіз дамытуға, кафедра мен факультеттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға арналған серпінді жобаларды жүзеге асыру идеялары мен жемқорлықтан ада, таза білімге негізделген оқу үдерісіне жаңашыл жоба тың трендтермен енді. Жоба аясында білім беру, ғылыми, тәрбие және қаржы-экономикалық қызметті дамытудың концепциялары жасалды. Әл-Фараби трактаттарынан бастау алып жатқан қайырымды қаланың маңызды белгісі – рухани құндылықтар ҚазҰУ қалашығында «Электронды кампус», бақытты студенттік шақ сыйлайтын қайырымды қалашық үлгісінде көрініс тапты.

ҚазҰУ Орталық Азия жоғары оқу орындары арасында алғаш болып БҰҰ-ның «Академиялық ықпалдастық» жаһандық бағдарламасына қабылданып, бағдарламаның тұрақты даму бойынша жаһандық хабқа жетекшілік жасады. 2013 жылы әлемге танымал 800 ЖОО ішінде 299 орынды иеленді. Зерттеу университетінің негізгі міндеттерінің бірі – өз әлеуетін пайдалана отырып, елдің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік мәселелерін шешуге қабілеттілік таныту, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістер мен шешімдерді енгізу. Жаңа үлгідегі студенттерге қызмет ету орталықтары, технопарк, инновациялық кластерлер, студенттік бизнес-инкубаторлар – ұлттық университеттің инновациялық әлеуетін танытатын көрсеткіштер.

Білім беру нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттырудың жаңа механизмі – эндаумент қор университеттің ғылыми-зерттеу әлеуетін дамытуға ұзақ мерзімді инвестициялар тартуды көздейді. Бұл жеке адамдардың, коммерциялық және қайырымдылық ұйымдарының, түлектер ассоциациясының оз еркімен университеттің инновациялық үдерістерін, ғылыми зерттеулер мен талантты студенттерді қолдау мақсатында қаржы бөлуі. Болон үдерісінің іргелі принципі – автономия болуға сәтті қадамдардың бірі саналатын эндаумент АҚШ-та пайда болды. Қазіргі таңда Гарвард университетінің эндаумент қоры 34 миллиард доллардан асып жығылады екен. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде құрылған эндаумент қордың алғашқы қолдаушылары танымал түлектер, атап айтқанда ірі компания, банк, баспа жетекшілері, жазушылар, заңгерлер болды.

Өздерін жеке тұлға ретінде сезінген студенттер 2012 жылы жарыққа шыққан «Айналаңды нұрландыр» жобасын асқан жауапкершілікпен қабылдап, жобаға белсене қатысты. Жақсы оқумен қатар, өзін-өзі дамытып, шығармашылық қабілетін жетілдіру, қоғамды ізгілендіруге атсалысу қажеттілігін түсінді. Ұлттық идеяны, зияткерлік қоғамды қалыптастыруға бағытталған жоба мәдениетті, білімді, инабатты, адал ұрпақ тәрбиелеудің таптырмасы құралына айналды. Жоба аясында жастардың бойына ізгілік, адамгершілік

қасиеттерін дарытуға ықпал ететін, рухани құндылықтарды бағалауға үйрететін көптеген игі іс-шаралар өткізілді. Мәселен, факультетіміздің студенттері мен оқытушылары Іле Алатауы ұлттық табиғи паркінде болып, қорықты тазалауға атсалысты.

Университеттің тағы бір ашық жобасы – нәтижеге бағытталған басқару жүйесі университетті халықаралық рейтингте жоғары деңгейге көтеру үшін жүзеге асырылуда. Университеттің стратегиялық көрсеткіштеріне бағытталған бұл жобаға барлық қызметкерлер атсалысты. Оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық, әлеуметтік даму бойынша енгізілген жаңашыл іс-шаралардың нәтижелері, жылдық даму динамикасы қорытындыланып, рейтинг жүйесі уақыт талабына сай жаңа көрсеткіштермен толығып отырады.

Университет саясатынан бастау алып жатқан серпінді шаралар факультеттерде өз жалғасын табуда. Болашақ журналистердің университет қабырғасынан жазуға тоселіп, мамандықтың қыр-сырына қанығып, бейімделуі теориялық біліммен қатар, практикалық машықтануды талап етеді. Осы орайда республикалық бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз шығармашылық байланыс орнату, студенттерді редакциядан тәжірибеден өткізу, оқу жұмыс жоспарларын жасау барысында пікірлерін ескеру аса қажет. Қазіргі таңда кез келген істің нәтижелі болуы мақсат етіледі. Білім беру саласында да жұмыс берушілердің талап-тілегін ескеріп, сапалы, білікті маман даярлап шығару қолға алынған.

Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарымен факультеттің арасында жасалған келісім-шарттарға сәйкес студенттер редакцияларда оқу-өндірістік тәжірибеден өтеді. Жазуға бейімі бар студенттер университет қабырғасында жүріп-ақ журналистік қызметке араласа бастайды.

«Қоғаммен байланыс» мамандығы бойынша білім алатын студенттер мемлекеттік құрылымдардың баспасөз қызметтерінде, коммерциялық мекемелердің PR бөлімдерінде біліктілігін жетілдіреді. Үрімжі қаласындағы Шыңжаң Халық радиосынан бірнеше студент өндірістік тәжірибеден өтті.

Қоғаммен байланыс қызметі миссиясын орындай отырып, қоғамдық мүддені көздеп, әлеуметтік жауапкершілікті сезініп, еліміздің экономикасына үлес қосады. Бұқаралық ақпарат құралдарымен, серіктестермен, мемлекеттік құрылымдармен, инвесторлармен тығыз байланыс орнатып, тиімді жұмыс істеу үшін болашақ PR маманына терең білім, тәжірибе және біліктілік қажет. Сондай-ақ, болашақ маман қоғаммен байланыстың негіздерін, концепциясын меңгеруі тиіс. Журналистика факультеті ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасында «Халықаралық журналистика» және «Қоғаммен байланыс» мамандықтары бойынша білім беру үш тілде жүргізіледі. Ғылыми-инновациялық технологиялардың дамуы, ғылым мен білімді, өндірісті тиімді ұштастырудың қажеттілігі жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісіне жаңа талаптар қойды. Оқытудың дәстүрлі әдістерімен қатар, қазіргі педагогикалық практикада қолданылатын инновациялық әдіс-тәсілдері, атап айтқанда белсенді оқыту, тұлғалық-бағыттау әдісі, мәселелік оқыту және жобалау, іскери және рөлдік ойындар қолданылады. Олардың мақсаты – студенттің белсенділігін арттыру, жеке ойлауға, шешім қабылдауға машықтандыру, «тұлға» ретінде өзін-өзі жетілдіріп, қабілетін ашуға, оқытушымен өзін тең дәрежеде сезінуіне мүмкіндік беру. Оқытушының да рөлі тек білім берумен шектелмейді, студенттің шығармашылық қабілетін барынша ашуға тырысады. Сонымен қатар оқу үдерісінде білім берудің белсенді әдістеріне басымдық беріледі. Осы саланы зерттеуші ғалымдар бұл әдістердің тиімді қолданылуы үшін классификациясын жасауда. Алайда оқытудың әдістері туралы бірегей классификация әлі түзілген жоқ.

Оқу бағдарламасы нақты құзіреттілікті қалыптастыруы қажет. Мәселен, этикалық нормалардың негізін оқыту студенттің мәдениетті, кәсіби маман болып қалыптасуына ықпал етеді. Оқытудың нақты пәндік әдістері студенттердің іскерлік қарым-қатынас негіздеріне машықтануына және табысты жетекшінің имиджін қалыптастыруға көмектеседі.

Кафедрада білім беру барысында студенттердің тұлға ретіндегі шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін ояту, мәселеге жеке көзқарасын қалыптастыру, алған білімін практикада қолдануға машықтандыру мақсат етіледі. Осы орайда тақырыптық, бағыттаушы, жүйелі семинарлар жүргізіліп тұрады. Олардың барлыгы да студенттің жеке көзқарасын қалыптастыруға, ақпаратты студенттің жете меңгеріп, практикамен ұштастыруына бағытталған.

Журналистика – болған оқиғаны қарабайыр баяндап, жаттанды алты сұраққа жауап беру деп түсіну қате. Газет тілі таза, өткір, парасатты, ойы айқын, сөзі салмақты болуы тиіс. Кейбір өңірлік басылымдардың тілі өте жұтаң. Кейбір тәуелсіз газеттерде қоғамдық мәні төмен, екі адамның арасындағы хатқа ғана арқау болатын ұсақ-түйек, түкке тұрғысыз материалдар жарияланады. Баспасөз беті адамдардың жел сөз теріп, қарымта қайтаратын орны емес. Тәуелсіз газеттің бетін не болса сонымен толтыруды мақсат еткен, қоғамдық, әлеуметтік маңызды проблемаларды көтеруге қабілетсіз басылымның оқырманға берері жоқ. Кейбір тәуелсіз, тіпті аудандық газеттердің тілі мен стилі сын көтермейді, мәтіндердегі қатеден көз тұнады. Өңірлік баспасөздің публицистік стилін сипаттай отырып, кейбір газет материалдарындағы логикалық байланыстың әлсіздігін, сөйлемнің сыртқы құрылысына елігіп, мазмұнына көңіл бөлмеу, сөздің эмоциялық сыр-сипатын айыра білмеу, сылдыр сөзге әуестік, тұрпайы лексика, сөз мәдениетінің принциптерін сақтамай, кәсіби этикадан ауытқу, тұрақты сөз тіркестерінің құрамын бұзып қолдану, әдеби норманы сақтамау, диалект сөздердің қолданылатынын байқауға болады. Сондықтан, өңірлік жоғары оқу орындары кәсіби білікті журналист, PR мамандарын дайындауы тиіс.

***Телебаев Г.Т.***
д.филос.н., профессор,
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

## ЯЗЫКОВЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ И ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА В КАЗАХСТАИЕ

Сегодня языковая политика Казахстана пользуется авторитетом в соседних государствах. Это показали результаты социологического исследования, проведенные в мае-июне 2014 года по заказу Комитета по развитию языков и общественно-политической работы Министерства культуры и спорта Республики Казахстан [1]. Международные эксперты, среди которых были ученые из стран СНГ, а также Турции, Китая, США, Франции, Великобритании, Германии и др., высоко оценили языковую политику Казахстана, отметив ее более сбалансированный характер, чем во многих других странах.

Анализ социологических данных показывает, что в социально-коммуникативном пространстве казахстанцев присутствуют казахский и русский языки одинаково. Результаты массового опроса среди населения страны, позволяют говорить о наличии потенциала развития билингвической среды. Казахский язык менее популярен, чем русский, тем не менее, относительна низка доля тех, кто совершенно не владеет казахским. В то же время, в Казахстане практически все население владеет русским языком. Примечательно, что в регионах с высокой концентрацией казахского населения также отсутствуют (либо показатель не превышает 1%) респонденты, отметившие незнание русского языка. Данные исследования показывают слабую распространенность английского языка в языковых практиках казахстанцев. Тем не менее, следует отметить, что часть населения в определенной степени владеет им. В целом, данные позволяют констатировать, что казахский язык преимущественно развит среди казахов и не нашел должного развития среди представителей славяноязычных этнических групп.

Анализ социологических данных, полученных в ходе массового опроса среди репатриантов, показывает, что основным языком в социально-коммуникативном